

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейіндегі психологиялық қызметте атқарылған жұмыстың жылдық есебі

Психологтың кәсіби бағыттары, диагностика, психологиялық ағарту, алдын-алу, кеңес беру, түзету бойынша жұмыстары жақсы жүргізіліп, оқушылардың психологиялық диагностикасын әдістемелік қамтамасыз ету тестері жас ерекшеліктеріне сәйкес жан-жақты алынған. Білім беру мекемесіндегі психолог құжаттары, нормативтік құжаттары, арнайы, әдістемелік құжаттары талапқа сай әзірленген. Сонымен қатар, оқушылардың отбасымен жұмысы, отбасы диагностикасы, ата-аналардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу, кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша кәсіби диагностика әдістері профориентациялық тестер жасалған, оқушылардың бейімділік қабілеттері айқындалып жеке-дара жұмыстары жасалған. Білім алушылардың дарындылығын дамытудағы жұмыстары тұлғалық тестер алынса, қиын «ерекше назардағы» оқушылармен жан-жақты зерттеу жұмыстары, психодиагностика, арттерапиялық, коррекциялық жұмыстары жүргізілген.

2024-2025 оқу жылының психологиялық қызмет орталығының жүргізілетін жұмыстарының іс-шаралар жоспары жасалынып, мектеп-лицей директорына бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша атқарылған жұмыстар

2.09.2024 жылы мектеп директорының психологиялық қызмет туралы №40 бұйрығы шығарылды. Мектеп психологтары Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №878 қаулысына сәйкес жұмыстарды жүргізеді.

02.09.24-14.09.2024 қыркүйек аралығында мектеп оқушыларының мәліметі жинақталды. Оқу жылы басында 1-11 сынып оқушылар саны 1700 оқушыны қамтыды.

Сонымен бірге, психолог тарапынан психологиялық қызмет құжаттарын дайындау, бала дамуының психологиялық картасын жинақтау, психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесін жасау қыркүйек айының алғашқы апталарында орын алды.

Үйден оқитын мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс.

Мектепте денсаулығына байланысты қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес орталығының шешімі бойынша 10 оқушы үйден оқытылуға құжаттар бойынша қабылданды. Олар:

Р /с	Оқушының толық аты-жөні	Пмпк, ВКК қорытынды	Диагнозы	Қай оқу бағдарламасы мен жүреді/көрсету қажет/
1	Акмурзаев Арыслан Ерболович	1.07.2024ж №494 26.06.2024ж №1047	Ганглиозидоз с грубой мозжечковой атаксией и сено-невральной полинейропатией. Мозжечковая атаксия с нервопатией и двусторонней вестибулярной а рефлексией. 7А таксия дефицитом витамина Е аутоиммуно-рецессивная мозжечковая атаксия.	Жалпы білім бағдарламасын ың жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту
2	Абзалбек Айтуар	28.08.2024ж №725 16.08.2024ж №542	Врожденная аномалия грудины, Анамалия развития грудной клеткіу Килевидная деформация клетки. Манубриокостальный тип. Симметричная форма. Гипоплазии грудины, аплазии моевидного отроска. Аплазия обеих сторон. Сопуствующий диагноз. Костный дефект правой половины черепа.	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
3	Ниязбаева Диляра Тимуровна	26.08.2024ж №279 04.06.2024ж №311	Нефротический синдром, стереочувствительный вариант, часто рецидивирующее течение	Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту
4	Чикин Артем Егорович	17.06.2024ж №446 17.06.2024ж №234	Q24.9 врожденный порок сердца неуточненный	Жалпы білім бағдарламасын ың жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту
5	Амирова Диана Талгатовна	25.08.2024ж №191 07.08.2024ж № 513	M41.1 Юношеский идиопатический сколиоз. Идиопатический сколиоз поясничного отдела позвоночника 3 степени. Состояние после коррекции сколиоза эндокорректором. Люмбалгия.	Жалпы білім бағдарламасы бойынша оқыту
6	Матжанов Нұрәлі Әмірбекұлы	9.08.2024ж №629 9.08.2024ж №539	Q22.8 Другие врожденные аномалии трехстворчатого клапана. Врожденный порок сердца	Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеп оқыту
7	Кенжебай Ерасыл Рүстемұлы	26.09.2024ж №844 2.09.2024ж №630	Аноксическое поражение головного мозга, не классифицированное в других рубриках. Симптоматикалық эпилепсия. Психо сөйлеу дамуының қалыс қалуы	Жеңіл түрдегі зерде бұзылысы бар балаларға арналған білім беру
8	Оразәлі Айару	02.09.2024ж №354	S72.3 Перелом тела бедренной кости	Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеп оқыту

9	Оразәлі Ерасыл	02.09.2024ж №355	S72.3 Перелом тела бедренной кости	Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеп оқыту
10	Еркебұланқызы Алмира	02.09.2024ж №357	S72.4 Перелом нижнего конца бедренной кости. Слабоконсолидированный чрезвертельный перелом правой бедренной кости	Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеп оқыту

Осы балаларды психологиялық көмегімен дене кемістігін қалпына келтіріп, сол арқылы психологиялық саулығын сақтап, бала мүгедектігінің деңгейін төмендетуге мектеп психологтары аз да болса өз үлесімізді қосып алдымызға мақсат етіп келеміз.

Үйден оқитын, ерекше назарды қажет ететін оқушылармен жүргізілетін 2024-2025 оқу жылына арналған психологиялық жұмыс жоспары 2024 жылдың 2 қыркүйегінде жасалып бекітілді.

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінде ерекше назарды қажет ететін оқушылар тізімі

№	Аты-жөні, тегі	Туған жылы, айы, күні	Шешімі, күні	Сын ыбы	Сырқаты	Бағдарламасы	Қай сырқатқа жататыны
1	Сейілбек Нұрай	25.07.20 10	№113, 15.08.22	8А	РОП ЦНС ГМ гипер см.ЗПРР.ОНР II ур.Ангиопатия сечатки.	Жеңілдетілген бағдарлама	Зпр 40%
2	Бек Іңкәр	24.12.20 10	№341, 08.04.22	6Д	Дауна	Жеке бағдарлама	Дауна 40%
3	Арыстанбек Төрежан	13.12.20 13	№746, 19.11.21	5Ә	ЗПР	Қысқартылған	Зпр 40%
4	Ақдаулетов Ернұр	09.05.20 14	№347,02. 09.22	5Д	ЗПР	Бейімделген	Зпр 40%
5	Ақдаулетов Арнұр	09.05.20 14	№346, 02.09.22	5Д	ЗПР	Бейімделген	Зпр 40%
6	Арыстанбек Нұрислам	24.07.20 16	№680,04. 11.22	3В	ЗПР,ОНР II	Бейімделген	Зпр 40%
7	Қайратқызы Әсемай	20.10.20 15	№142, 22.08.23	2Ә	ЗПР,ОНР II,III	Бейімделген	ЗПР40%
8	Жұмали Жания	07.12.14	№186, 16.02.202 3	4А	Нашар есту	Бейімделген	ЗПР40%
9	Кенжебай Ерасыл	15.09.15	№145, 1.02.23	3Б	ЗПР,ЦНС	бейімделген	ЗПР40%
10	Дайдан Жансая	27.09.20 13	№455, 27.09.202 3	5Ә	ЗПР,ОНР III	бейімделген	ЗПР40%
11	Дайдан Жансерік	27.09.20 15	№456,	3Б	ЗПР,ОНР III	бейімделген	ЗПР40%


			27.09.2023				
12	Кенжебек Медина	26.01.2014	№40, 06.11.20	5Е	Көру қабілеті нашар	Жалпы бағдарлама	-
13	Сагимбаева Алина	19.03.2009	№321, 10.03.21	9Ә	Керендіктің IV деңгейі	Жалпы бағдарлама	-
14	Русланұлы Диас	24.10.2014	№192, 22.02.22	5Б	ЗПР	Жалпы бағдарлама	-

Оқушыны қолдау және жеке басының қасиеттерін анықтау барысында олардың танымдық ойлау қабілетін, байқағыштық қабілетін, нервоздық дамуын, логикалық және механикалық есті дамыту, оперативті есті дамытуға, оқушының мінез-құлқы мен адамгершілік қасиеттерін зерттеуге ашық, еркін пікірлесі, сырласу, сұрақ-жауап, сауалнама, тест, тренинг әдістері жүргізілді.


Жоспарға сәйкес, қыркүйек айында 1 сынып жетекшілері мен ата-аналарынан «Балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін сараптамалық бағалау» (В.И. Чиркова, О.Л. Соколова, О.В. Сорокина) сауалнамасы алынды.

Ата-аналарға оқушылардың мектепке бейімделу кезінде болатын өзгерістерді, адаптация кезінде қандай көмек беру керектігі туралы жалпы мағлұматтар беріліп кетті.

Сонымен қатар, жыл бойы жүргізілетін психологиялық жұмыстарға ата-ана тарапынан, сынып жетекшілері арқылы рұқсатнама алынды. Барлығы 1-11 сынып оқушылардың ата-аналары 1700. Ата-ана тарапынан қарсы-80, келіскендері 1620 ата-ана. Қарсы болған ата-аналардан қарсылық парағы толығымен алынды.



Жоспарға сәйкес 14-15 қыркүйек күні бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында «Менің сыныбым» әдістемесі алынды. Жалпы бала саны 192, ата-тарапынан қарсы-13, қатысқан бала саны -179, жалғыздық 2 оқушы, көпшіл 108 оқушы, мұғалімге жақын 69 оқушы шықты.



Жоспарға сәйкес 11 сынып оқушыларына психологиялық сүйемелдеу мақсатында *«Психологический настрой учащихся во время сдачи ЕГЭ. Снятие эмоционального напряжения»* тақырыбында баяндама жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: 11 сынып оқушыларын емтихан тапсыруға психологиялық дайындау; эмоционалды жағдайларды өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту, табысқа деген ынтаны қалыптастыру, өзіне деген сенімділікті арттыру, стресті жеңілдету жолдарын табу, яғни оқушының жеке басының стресске төзімділігін арттыру.

Тренинг барысы:

- 1.Приветствие
- 2.Разминка
3. Игра на воображения
- 4.Дискуссия в малых группах
5. «Пожелание на будущее своему соседу»
- 6.Подведения итогов.

Тренинг барысында 11 сынып оқушыларын емтихан тапсыруға психологиялық дайындау мақсатында, эмоционалды жағдайларды өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту туралы, табысқа деген ынтаны қалыптастыру, өзіне деген сенімділікті арттыру, стресті жеңілдету жолдарын табу, яғни оқушының жеке басының стресске төзімділігін арттыру туралы жалпы түсінік берілді.

Оқушылар бірігіп жұмыс жасау барысында, өздерін тиянақты ұстай білді, мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап бере білді. Тәртіп бұзған оқушы болған жоқ. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтар да болды, психолог тарапынан да қойылған сұрақтарға оқушылар толығымен жауап ала отырды. Барлық сынып оқушылары белсене қатысып отырды.

Қыркүйек айында ерекше білімді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдеріне психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға арнайы оқулықтардың бар екендігі түсіндірілді. ҚМЖ -дайындау барысында, әр оқушыға жеке дайындалу керектігі, диагноздарына қарай өзгеретіндігі айтылды. ЕББҚ-оқушыларының сабақта отыру тәртібі түсіндірілді. Инклюзивтің 5 моделі болатыны айтылды.

Қазан айында атқарылған жұмыстар

Жоспарға сәйке қазан айында жасөспірімдердің психикалық саулығын бағалау мақсатында **Ковач сауалнамасы** \7-11 сынып оқушылары\ мен **НСВ-10 тесті** \5-6 сынып оқушылары\ алынды.

Сауалнама М.Ковач

Нұсқаулық: төмендегі мәлімдемелердің әрбір тобын мұқият оқып шығыңыз және соңғы уақытта (соңғы екі апта) өзіңізді қандай сезімде болғаныңызға қарай әр сұрақтан 1 ден 3 ке дейінгі жауаптың сәйкесін белгілеңіз. Сұрақтар туралы ұзақ ойланбаңыз, өйткені дұрыс немесе бұрыс жауаптар жоқ.

Оқушының Т.А.Ә.
Сынып

- | | | |
|---|---|--|
| <p>1. 1) Мен кейде ғана көңілсіз боламын
2) Мен жиі көңілсіз боламын
3) Мен әрқашан көңілсізбін</p> <p>2. 1) Мен ешқашан жетістікке жете алмаймын
2) Мен бірдеңе алатыныма онша сенбеймін
3) Мен бәрін де жақсы істеймін</p> <p>3. 1) Мен іс жүзінде бәрін жақсы жасаймын
2) Мен көп нәрсені қате істеймін
3) Мен бәрін дұрыс істемеймін</p> <p>4. 1) Маған көп нәрсе ұнайды
2) Бір нәрсе маған қуаныш сыйлайды
3) Маған ештеңе ұнамайды</p> <p>5. 1) Мен әрқашан жаманмын
2) Мен жиі жаман боламын
3) Мен сирек жаман боламын</p> <p>6. 1) Маған жаман нәрсе болуы мүмкін деп сирек ойлаймын
2) Маған жаман нәрсе болуы мүмкін деп алаңдаймын
3) Маған қорқынышты нәрсе болатынына сенімдімін</p> <p>7. 1) Мен өзімді жек көремін
2) Мен өзімді жақсы көрмеймін
3) Мен өзіме ұнаймын</p> | <p>8. 1) Барлық жаман нәрселер менің қателіктерімнің нәтижесінде болады
2) Көптеген жаман нәрселер менің қателіктерімнің нәтижесінде пайда болады
3) Жаман нәрсе, әдетте, менің кінәман емес</p> <p>9. 1) Маған өмірімнің қалай дамитыны ұнайды
2) Маған өте қиын болуы мүмкін, бірақ мен оны жеңе аламын
3) Менің өмірім маған ұнамайды</p> <p>10. 1) Мен күн сайын жылаймын
2) Мен жиі жылаймын
3) Мен сирек жылаймын</p> <p>11. 1) Мен үнемі мазасыздықты сезінемін
2) Мен жиі мазасызданамын
3) Мен сирек мазасыздықты сезінемін</p> <p>12. 1) Маған адамдармен бірге болған ұнайды
2) Маған адамдармен бірге болу ұнамайды
3) Мен адамдармен бірге болғым келмейді</p> <p>13. 1) Мен көп нәрсені шеше алмаймын
2) Маған көп нәрсені шешу қиын
3) Мен оңай шешім қабылдаймын</p> <p>14. 1) Мен жақсы көрінемін
2) Менің келбетімдегі бір нәрсе маған сәйкес келмейді
3) Мен ұсқынсыз көрінемін</p> <p>15. 1) Мен үнемі өзімді мектеп тапсырмаларын орындауға мәжбүрлеуім керек
2) Мен көбінесе мектеп тапсырмаларын орындауға мәжбүр боламын
3) Мектеп тапсырмаларын орындау мен үшін үлкен мәселе емес</p> <p>16. 1) Мен әр түні жаман ұйықтаймын
2) Мен жиі нашар ұйықтаймын
3) Мен өте жақсы ұйықтаймын</p> <p>17. 1) Мен сирек шаршаймын
2) Мен жиі шаршаймын</p> | <p>3) Мен үнемі шаршағанымды сезінемін</p> <p>18. 1) Көп жағдайда менің тамақ жегім келмейді
2) Мен жиі тамақтанғым келмейді
3) Мен өте жақсы тамақтанамын</p> <p>19. 1) Мені ауырсыну мазаламайды
2) Мені ауырсыну жиі мазалайды
3) Мені үнемі ауырсыну мазалайды</p> <p>20. 1) Мен өзімді жалғыз сезінбеймін
2) Мен өзімді жиі жалғыз сезінемін
3) Мен өзімді барлық кезде жалғыз сезінемін</p> <p>21. 1) Мектеп маған ешқашан рахат әкелмейді
2) Кейде мектеп маған рахат сыйлайды
3) Мектеп мені жиі қуантады</p> <p>22. 1) Менің достарым көп
2) Менің достарым бар, бірақ мен олардың көбірек болғанын қалаймын
3) Менің достарым жоқ</p> <p>23. 1) Менің оқуым өте жақсы
2) Мен бұрынғыдай жақсы оқымаймын
3) Қазір менде бұрын жақсы болған пәндер бойынша нашар бағалар бар</p> <p>24. 1) Мен ешқашан басқа балалар сияқты жақсы болмаймын
2) Егер қаласам мен басқалар сияқты жақсы бола аламын
3) Мен басқа балалар сияқты жақсымын</p> <p>25. 1) Мені ешкім шынымен жақсы көрмейді
2) Мені біреу жақсы көретініне сенімді емеспін
3) Мені жақсы көретініне сенімдімін</p> <p>26. 1) Мен әдетте маған айтылғанды істеймін
2) Әдетте, мен маған айтылғанды істемеймін
3) Мен ешқашан сұраған нәрсені жасамаймын</p> <p>27. 1) Мен адамдармен өзімді жалғыз сезінемін
2) Мен жиі қуанамын
3) Мен үнемі қуанамын</p> |
|---|---|--|

Тест НСВ-10

Допишите окончание предложений

Никто _____

Все против _____

Нет _____

Я _____

Мне не _____

Никогда _____

Никогда _____

Всё _____

Это _____

Повторите ещё раз. Допишите окончания предложений, повторяя ответы не

Многие меня _____

Все за _____

Есть силы _____

Я многим _____

Мне _____

Часто _____

Всегда _____

Всё _____

Это _____

Дополните окончания предложений на своё усмотрение

Мне надоело _____

Когда мне плохо, я _____

Я не хочу _____

Моя жизнь – это _____

Настроение у меня _____

Мое терпение _____

меня _____

Кешенді тест жұмысына барлығы 5-11 сыныптар қатысты. Барлық бала саны -1041 оқушы, тестке қатысқандар 940 оқушы, ата-ана тарапынан қарсы -80 оқушы, үйден оқытылатын – 6 оқушы, даун синдромы бар, инклюзивті оқушы-2.

Тест қорытындысы бойынша 30 оқушы сұхбаттасуға шақырылды. 2 оқушы психологтардың мектепшілік бақылауына, 1-оқушы психологиялық қолдау тобына алынды.

Жоспарға сәйкес 5 сынып оқушыларынан Л.Г. Федеренконың «Сыныптағы психологиялық климаттың жағдайын қалай анықтауға болады» сауалнамасы алынды.

Анкета «Как определить состояние психологического климата в классе», Л. Г. Федоренко.

Инструкция: для изучения психологического климата в Вашем классе, просим ответить на ряд вопросов. Необходимо обвести кружком одно из утверждений, которое соответствует Вашему мнению.
Ф.И.О. ученика _____ класс _____

№	Вопросы:
1.	С каким настроением вы обычно идете в школу?
1	Всегда с хорошим настроением;
2	С хорошим чаще, чем с плохим;
3	С равнодушием;
4	С плохим чаще, чем с хорошим;
5	Всегда с плохим настроением.
2.	Нравятся ли вам люди, которые учатся вместе с вами?
1	Да, нравятся;
2	Многие нравятся, некоторые – нет;
3	Безразличны
4	Некоторые нравятся, но многие – нет;
5	Никто не нравится.
3.	Бывает ли у вас желание перейти в другой класс?
1	Никогда не бывает;
2	Редко бывает;
3	Мне все равно, где учиться;
4	Часто бывает;
5	Думаю об этом постоянно.
4.	Устраивает ли вас учеба в школе?
1	Учебой вполне доволен;
2	Скорее доволен, чем недоволен;
3	Учеба для меня безразлична;
4	Скорее недоволен, чем доволен.
5	Совершенно недоволен учебой.


5.	Как, по вашему мнению, относится к вам классный руководитель?
1	Очень хорошо;
2	Хорошо;
3	Безразлично;
4	Скорее недоволен;
5	Очень плохо.
6.	В какой форме обращаются к вам чаще преподаватели?
1	Убеждаю, советую, вежливо просят;
2	Чаще в вежливой форме, иногда грубо;
3	Мне это безразлично;
4	Чаще в грубой форме, иногда вежливо;
5	В грубой форме, унижающей достоинство.

Жоспарға сәйкес 6 сынып оқушыларына «Пікірталас – ұрыс емес» тақырыбында тренинг жұмысы ұйымдастырылды. Тренингке сынып оқушылары жақсы көңіл-күймен қатысып, өздерінің ойлары мен бөлісті. Тренинг барысы төмендегідей:

- «Сергіту сәті»
- «Пікірталас-ұрыс емес» жаттығуы
- «Интонация, немесе дауыр ырғағы» тренингі
- «Аспан көк» тренингі
- «Сенге көшудің дағымсыз әсері» жаттығуы
- «Мен айтып салар едім» құрастыру тренингтерін қамтыды

Тренинг соңында оқушылар жақсы көңіл-күймен тарқасып, өздерінің ойларын жеткізді. Оқушылар бір бірімен жақсы қарым-қатынас жасай білді. Алдағы уақытты да жұмыстар жүргізіле бермек.





Түзету-дамыту жұмысы бойынша жоспарға сәйкес 5 сынып оқушыларымен «Алғашқы рет 5 сыныпқа» тақырыбында тренинг жұмысы болып өтті. Тренинг барысында оқушылардың көңіл-күйлері көтеріңкі болды. Психологтар тарапынан берілген тапсырмаларға сынып оқушылары белсенді қатысты.





Сонымен қатар, жоспарға сәйкес қазан айында бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне ықпал жасау мақсатында 1 сынып оқушыларымен «Кел танысайық» тренингі болып өтті.

Тренингтің мақсаты: Бірінші сынып оқушыларына мектеп процесіне бейімделуге көмектесу, балаларды эмоцияларын талдауға үйрету, қарым-қатынас процесінде Өзін-өзі бақылауды қалыптастыру. Тренинг міндеттері: - оқушыларды эмоционалды жағдайын түсінуге үйрету; - бақыланбайтын эмоциялардың салдарын түсінуге үйрену; - өзіңізге және басқаларға зиян келтірместен эмоцияларыңызды тежеу әдістерін үйрету.

Тренинг барысы:

- Ойын. «Менің мекен жайым»
- Жаттығу: «Күн шуақты алаңқай»
- Менің көңіл-күйімнің түсі.
- Қоштасу ритуалын келісіп орындау.
- Қорытынды.

1 сынып оқушыларымен тренинг барысының барлығы жүргізіліп, оқушылардың көңіл-күйі көтеріңкі болды. Ойындарға белсенділік танытып, ат салысып барлық оқушылар қатысты.

Қараша айында атқарылған жұмыстар

Жоспарға сәйкес, жасөспірімдердің психикалық саулығын бағалау бағдарлама аясында жасөспірімдердің психикалық денсаулық туралы хабарларлығын арттыру мақсатында 7-8 сынып оқушыларына арналған, емхана, ЖДО мамандарымен бірлесе отырып дәріс жүргізілді.

Мақсаты:

- Мектептегі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлықтың алдын алу;



Қараша айында жоспарға сәйкес 8-10 сынып қыз балаларына «Қыз балалардың психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын-алу» жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу

Мақсаты: Қазақ халқының «Қызға қырық үйден тиым» сөзінің мәнін түсіндіру; Қыз баласының бойындағы «Әдептілік», «Сыпайылық», «Адалдық» құндылықтарын сіңіру;

Қоршағар ортада өзін ұстауды үйрету;

Жұмыс барысы: (кездесу)

Мектеп-лицей педагог-психологтарының ұйымдастыруымен біртұтас тәрбие аясында Облыстық Жастар Денсаулық орталығынан, қалалық №1 емхана мамандарының шақырылуымен қыз балалардың арасында кездесу болып өтті. Кездесуге 8-10 сынып қыз балалары қатыстырылды. Аталған тақырыпқа байланысты оқушыларға мамандар дәріс баяндап, бейнероликтер көрсетіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар тақырыпқа сәйкес ойларында жүрген сұрақтарын қойып, белсене ат салысты.



Қараша айында бастауыш (3) сыныптың оқушыларымен «Қауіпсіздік ережелері, Сыпайы бас тарту» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

Тренингке сынып оқушылары жақсы көңіл-күймен қатысып, өздерінің ойлары мен бөлісті. Тренинг барысы төмендегідей:

- «Қауіпсіздің ережелерін білу»
- «Қауіпсіздік ережелері» видеоролик
- «Сыпайылық пен Дәрекілік» жаттығу
- «Жағдайларды баянда » сезіну тренингі тренингі

Тренинг соңында оқушылар жақсы көңіл-күймен тарқасып, өздерінің ойларын жеткізді. Оқушылар бір бірімен жақсы қарым-қатынас жасай білді.

Алдағы уақытты да жұмыстар жүргізіле бермек.





Желтоқсан айында атқарылған жұмыстар

9 сынып оқушыларына психологиялық сүйемелдеу мақсатында «Күйзелістен қалай арылуға болады?» тақырыбында баяндама жұмысы жүргізілді.

Мақсаты:

- Оқушылардың топтық сенімін бекіту, ішкі қысымнан, қорқыныштан арылту, ашық болуға бағыттау;

Қатысқан оқушылар: 9 сынып оқушылары

Баяндама барысы:

- «Мен өзімді мақтаймын»
- «Сәлемдеме тілек хат»
- «Суреттен нені байқадыңыз?» тесті
- «Шынымды айтсам...»
- «Өз жұлдызыңызды табыңыз»
- «Ата анаға қамқорлық» бейнебаян

Оқушылар бірігіп жұмыс жасау барысында, өздерін тиянақты ұстай білді, мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап бере білді. Тәртіп бұзған оқушы болған жоқ. Баяндама барысында өзінара пікірталаста орын алды. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтар да болды, психолог тарапынан да қойылған сұрақтарға оқушылар толығымен жауап ала отырды. Барлық сынып оқушылары белсене қатысып отырды.



Жоспарға сай 10 сынып оқушыларына «Ашу-ызамен не істеу керек?» тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді.

Мақсаты:

- Тәлім алушыларды агрессивті сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету;
- Рефлексивті механизмді белсендіру.

Қатысқан оқушылар: 10 сынып оқушылары

Сабақ барысы:

- «Көрме» жаттығуы
- «Бәтеңкедегі тас» ойыны
- «Мазактау» ойыны
- «Сілкін!» сергіту ойыны
- Сабақтың рефлексиясы
- Жаттығудың аяқталуы «Шеңбер бойынша қол алысу»
- Сабақтың қорытындысы

Оқушылар бірігіп жұмыс жасау барысында, өздерін тиянақты ұстай білді, мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап бере білді. Тәртіп бұзған оқушы болған жоқ. Сабақ барысында өзінара пікірталаста орын алды. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтар да болды, психолог тарапынан да қойылған сұрақтарға оқушылар толығымен жауап ала отырды. Барлық сынып оқушылары белсене қатысып отырды.

1-сынып оқушыларымен «Дос бола білу!» тақырыбында тренинг жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту; дос бола білу мақсатында, білімдерін дамыту; нағыз достық қарым-қатынасты сақтауды дамыту; қоғамға деген жақсы қарым –қатынасты, көзқарасты орнату.

Қатысқан оқушылар: 1 сынып оқушылары

Тренинг барысы:

I. Оқушылармен сәлемдесу

II. «Достық ағашы» жаттығуы

III. «Досыма сыйлық» жаттығуы

IV. «Тілектер ағашы» жаттығуы

Тренинг барысында оқушыларға достық туралы жалпы түсінік айтылды. Интербелсенді тақтамен оқушыларға слайд көрсетілді. Тренинг барысында оқушылармен кері байланыс ретінде сұрақтар қойылды.

Оқушылармен тренинг барысында жаттығулар жүргізілді. Әрбір жаттығуларға оқушылар тарапынан белсенділік көрсете алды. Оқушылар бірігіп жұмыс жасау барысында, өздерін тиянақты ұстай білді, мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап бере білді. Тәртіп бұзған оқушы болған жоқ. Барлық сынып оқушылары белсене қатысып отырды.

11 сынып оқушыларына психологиялық сүйемелдеу мақсатында *«Емтихан кезінде стресстен қалай арыламыз?»* тақырыбында тренинг жұмысы жүргізілді.

Тренингтің мақсаты: оқушылардың психологиялық денсаулығын нығайту үшін эмоционалды стрессті жеңілдету, педагогтарды психологиялық өзін-өзі реттеудің кейбір тәсілдерімен таныстыру; өзінмен өнімді жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай жасау; ішкі жан үйлесімін тұрақтандырып, педагогтердің жеке қасиеттерін дамытуды жетілдіру.

Қатысқан оқушылар: 11 сынып оқушылары

Тренинг барысында оқушылардың психологиялық денсаулығын нығайту үшін эмоционалды стрессті жеңілдету, педагогтарды психологиялық өзін-өзі реттеудің кейбір тәсілдерімен таныстыру, өзінмен өнімді жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай жасау, ішкі жан үйлесімін тұрақтандырып, педагогтердің жеке қасиеттерін дамытуды жетілдіру туралы ақпарат беріліп кетті. Оқушылар бірігіп жұмыс жасау барысында, өздерін тиянақты ұстай білді, мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап бере білді. Тәртіп бұзған оқушы болған жоқ. Тренинг барысында оқушылармен кері байланыс ретінде сұрақтар қойылды. Өзінара пікірталаста орын алды. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтар да болды, психолог тарапынан да қойылған сұрақтарға оқушылар толығымен жауап ала отырды. Барлық сынып оқушылары белсене қатысып отырды.

5 сынып оқушыларын орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық сүйемелдеу мақсатында *«Менің мектептегі сезімім!»* тақырыбында бейімделу тренинг жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: 5-ші сынып оқушыларына орта мектепте оқуға бейімделулеріне психолого-педагогикалық көмек көрсету; жаңадан келген оқушылармен жақынырақ танысу; шығармашылыққа баулып, ой – қиялын дамыту; қатысушы

оқушылардың тиімді қарым – қатынас жасауы; Оқушылардың бойында қалыптастыру: орта буында оқу бейімділіктерін, дағдылары туралы түсінікті;өздігінен қабылдау, өздігінен ашылу және басқаларды қабылдау негізінде басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын;қандайда бір іс әрекет жасауда өзінің жетістіктеріне және қателіктеріне деген барабар қатынас, өз-өзін сенімді ұстау дағдысын дамыту; өзі туралы даму мүмкіншілігі зор адам ретінде түсінік беру.

Қатысқан оқушылар: 5 сынып оқушылары

Тренинг барысында оқушылар тарапынан белсенділік жоғары деңгейде болды. Тәртіп бұзған оқушы болмады. Психолог тарапынан берілген тапсырмаларға, тренинг жаттығуларына оқушылар ат салысып отырды.

7-10 сынып арасында **«Қыз балалардың психикалық саулығын нығайту,тәртіпсіздіктің алдын-алу,жеке бас қауіпсіздігін сақтауға»** бағытталған кездесу өткізілді. Қатысқан балалар саны-97 оқушыны құрады.Мектеп-лицей педагог-психологтарының ұйымдастырылуымен Облыстық жастар денсаулық,орталығынан , №1 Қалалық емханадан мамандар шақыртылды. Кездесуге 7.8.9.10 сыныптың қыз балалары қатысты. Аталған тақырыпта оқушыларға мамандар дәріс баяндап,бейнероликтер көрсетіп,кеңестерін берді.Оқушылар тақырыпқа қатысты ойларында жүрген сұрақтарын қойып,белсене ат салысты



ҚУАНСА,БАЛА ҚУАНСЫН!

Жаңа жыл- балалар асыға күтетін сиқырлы мереке. Осы мерекенің шырайын балалардың шат күлкісі, адамдардың бір-біріне кіршіксіз айтқан тілектері.

Осындай керемет көріністің бір парасы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде өткізілді. Думанды кешке мектеп-лицейдің көп балалы

отбасы балалары, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар да қатысты. Кеш балалардың ертегілер еліне саяхат жасаумен басталды. Көңілді сайқымазақтар мен әртүрлі жануарларды сомдаған оқушылар жиылған көрермендердің көңілдерін бір серпілтіп тастады. Мектеп-лицей директоры Рита Жұмамұратқызы балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

Сонымен қатар кешке қатысқан оқушыларға демеушілер тарапынан балаларға жаңа жылдық сыйлықтар табысталды. Балалардың жүзіне қуаныш, езуіне күлкі үйірген шараның соңы әсем ән мен әдемі естелік суретке түсумен аяқталды.

Ағымдағы жылдың 27 жұлдызында үйден оқытылатын оқушыларды «*Қош келдің-Жаңа жыл*» тақырыбы аясында жаңа жыл мерекесімен мектеп-лицей директоры Р.Ж.Мұхашова, мектеп психологтары А.Топжарғанова, Н.Айтбай, мектеп дефектологы А.Ерназаров, педагог-ассистент Л.Тажибаева құттықтап қайтты.

Іс-шара аясында үйден оқытылатын 7 оқушы қамтылды. Барлық оқушылардың үйіне барып, жеке –жеке құттықталынды. Барлық оқушылар мәз болып, көтеріңкі көңіл-күйде болды.





Қаңтар айында атқарылған жұмыстар

Жоспарға сәйкес, қаңтар айында 1 сынып, жаңадан келген оқушылар және сұраныс бойынша темперамент тестін алдынды.

Мақсаты : Оқушылардың темперамент типін анықтау

1 сынып оқушыларының темперамент типін анықтау мақсатында «темпераментті анықтау» тесті алынды.

Нұсқау:

Берілген пікірлердің ішінен өзіңізге тән дегенін белгілеңіз.

1. а) Мазасыз, күйгелексіз.
б) Көңілді, ақжарқынсыз.
в) Сабырлы, байсалдысыз.
г) Ұялшақ, қысылып - қымтырыласыз.
2. а) Ұстамсыз, қызбасыз.
б) Белсенді, істе ширақсыз.
в) Ретті, нақтысыз.
г) Жаңа ортада ыңғайсызданасыз.
3. а) Шыдамсыз.
б) Бастаған беті аяқсыз қалдырасыз.
в) Сақ, парасаттысыз.
г) Жаңа адамдармен тіл табысу сізді қиналдырады.
4. а) Қарым - қатынаста бірбеткей, тік мінездісіз.
б) Өзіңізді асыра бағалайсыз.
в) Шыдамсыз.
г) Өз күшіңе сенбейсіз.
5. а) Батыл, белсендісіз.
б) Жаңашыл нәрсені тез қабылдайсыз.
в) Үндемейтін, көп сөйлегенді жек көресіз.
г) Жалғыздықты ұнатасыз.

6. а) Бірбеткейсіз.

б) Ықылас бейімділігіңіз тұрақсыз.

в) Аспай - саспай бір қалыпты сөйлейсіз.

г) Сәтсіз жағдайларда ұнжырғаңыз түсіп, сасасыз.

7. а) Дау - дамайда тапқырсыз.

б) Сәтсіздік, көңілсіздікті тез жеңесіз.

в) Ұстамды, шыдамды.


г) Өз ойыңызбен отырғанды қалайсыз

Г. Айзенк анықтамасына орай, **холериктер** – сезімтал, агрессивті, шамданғыш, көңіл-күйі өзгергіш, басқамен қарым-қатынаста я сезім қатынасында тұрақсыз, әр түрлі жағдайларда соқпа мінезді, оптимист, белсенді, сенгіш, ашуланшак.

Сангвиник – ашық, көпшіл, сөзшең, қайырымды, қысылып-қымтырылмайтын, өмір сүйгіш, уайымсыз, көтеріңкі көңілді, басшылыққа бейім.

Флегматик – сақ, енжар, байыпты, өзгеге жақсылық тілегіш, ынтымақшыл, өз ісін ойлап істейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты.

Меланхолик – беймаза, ренжігіш, ойлампаз, қырағы, пессимист, тұйық, ұстамды, көп сөзі жоқ.



Жоспарға сәйкес, 9 және 11 сыныптар арасында Е.А.Климов

«Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы әдістемесі» алынды.

Дифференциалды-диагностикалық сауалнама "әдістемесі»

(МДБ; Е. А. Климова)

Бұл әдіс адамның кәсіби бейімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Әдістеме Е.А. Климовтың кәсіптерінің түрлерін жіктеуге сәйкес әр түрлі кәсіптерді таңдауға



Жоспарға сәйкес, 8 сынып оқушыларына психологиялық сүйемелдеу мақсатында «Мысли, чувства и поведение» тақырыбында тренинг жұмысы жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың сезім, ой, әрекеті психологиялық тұрғыдан түсіндіру. Ішкі сезімдерінде бұл құбылыстарды реттей алуға, ажырата білуге үйрету, қалыптастыру. Тренинг сәлемдесу «Визитка» жаттығуымен басталды. Мұнда оқушылар әрқайсысы өзіне визитка дайындап, құрастырып, өзін таныстырды. Сәлемдесіп

болып мектеп педагог-психологтары тақырыпқа байланысты дайындалған слайдтармен қысқаша түсініктеме беріп өтті. Келесі жаттығу «Эмоцияны тап» ойын-жаттығуымен жалғасты. Бұл жаттығуда оқушылар сандықтан бейнеленген эмоцияларды алып, мимикамен көрсетеді, ал қалған оқушылар табу қажет. Барлық сынып оқушылары жоғары белсенділікпен, қызығушылықпен орындады. Және әртүрлі қысқа белсенді ойындар ойнады. Тренинг соңында оқушылар тренингтен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісіп алғыс айтып тарасты.



8-9-10 сыныптар арасында «Репродуктивті саулық. Оны сақтау дағдылары» тақырыбында дәріс өткізілді. Қазан айының соңғы күні мектеп-лицей педагог-психологтарының ұйымдастыруымен Облыстық жастар денсаулық орталығынан, №1 Қалалық емханадан мамандар шақыртылды. Кездесуге 8,9,10 сыныптың балалары қатысты. Аталған тақырыпта оқушыларға мамандар дәріс баяндап, бейнероликтер көрсетіп, кеңестерін берді. Оқушылар тақырыпқа қатысты ойларында жүрген сұрақтарын қойып, белсенді ат салысып қатысты.



Ақпан айында атқарылған жұмыстар

11 сынып оқушыларымен «Кәсіптік бағдар:Кім болғым келеді?»

тақырыбында тренинг болып өтті. Барлығы -37 оқушы қатысты.

Мақсаты: Оқушыларды ҰБТ-ге психологиялық тұрғыдан дайындау,қолдау көрсету. Тренинг барысы:

- 1. «Комплимент» сәлемдесу
- 2. Бейнежазба көру
- 3. «Менің мүмкіндіктерім...» жаттығуы
- 4. Белсенді ойындар
- 5. Қар қиыршықтары

Осы көрсетілген жоспар бойынша оқушылар тренингке белсенді,көңілді қатысты.



7 сыныптар арасында , «Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым» тақырыбында тұлғааралық қарым-қатынас тренингі өткізілді.
Мақсаты: Өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін оқушыларға түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін дамыта отырып, дұрыс қарым-қатынас жасай алу мәдениетін қалыптастыру. Сынып ұжымының ауызбіршілігін нығайту.
Тренинг «Сыпайы сәлемдесу» жаттығуымен басталды. Тренингтің басынан бастап оқушылар жоғары белсенділік, қызығушылықпен қатысты. Әрі қарай, оқушылардың бойына дұрыс қарым-қатынас жасаудан туындайтын жағымды сезімдерді өз бойларына өткізуге бағытталған «Сиқырлы орындық» , «Дос іздеймін» деген психологиялық жаттығулар болды. Қортындысында, оқушылар алған әсерлерімен жарыса бөлісіп, бір-біріне жылы лебіздерін жүрекше мимикамен білдіріп тарасты.



«Психология-ғажайып ғылым» тақырыбындағы психология апталығының есебі

Апталықтың мақсаты: оқушылардың психологиялық саулығын сақтау және нығайту оқушылар арасында өзара жағымды қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, ақыл-ойын дамыту, өз ойын еркін жеткізуге үйрету және керемет көңіл-күй сыйлау.

Апталықтың жоғары деңгейде өтуіне жауапты педагогикалық-психологиялық қолдау мамандары: мектеп психологы: Топжарғанова Ақниет, дефектолог Ерназаров Асылжан, педагог-ассисенттер Тажибаева Ляззат, Кәрібекова Перизат, Ақбарқызы Нұрай.

Мектептегі тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі - психологиялық қызмет. Психологиялық қызметтің басты мақсаты – оқу-тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету. Осы орайда №5 мектеп-лицейінде 17.02.2025—21.02.2025 аралығында «Психология - ғажайып ғылым» тақырыбындағы психология апталығы жоспарланған болатын.

Жоспар бойынша:

№	Тақырыбы	Өтетін күні	Уақыт ы	Сыны бы	Өтетін орны	Жауапты
1	Апталықтың ашылуы	17.02.25	07.30-08.00	1-11	1-қабат	ППҚ мамандары
2	Ұстаздарға сергіту сәті	17.02.25	14.00	Ұстаздар		Топжарғанова Ақниет Тажибаева Ләззат Ерназаров Асылжан Кәрібекова Перизат Ақбарқызы Нұрай
3	«Біз бақытты баламыз» сурет байқауы	17.02-20.02.25		1-4	1-қабат	ППҚ мамандары
4	«Жүйрік бол» эстафеталық сайысы	18.02.25	13.00-14.00	1-8	Кіші спорт зал	Топжарғанова Ақниет Тажибаева Ләззат Ерназаров Асылжан Кәрібекова Перизат Ақбарқызы Нұрай
5	Оқушыларымен тренинг	19.02.25		11	АКТ зал	Топжарғанова Ақниет
6	Топтық сабақ	19.02.25		1-6		Ерназаров Асылжан Тажибаева Ләззат
7	Ата-аналармен тренинг	20.02.25	13.00		АКТ зал	Тажибаева Ләззат
8	Тимбилдинг «Жарқын болашақ иесі-бүгінгі жас маман»	21.02.25	13.00	Жас мамандар	АКТ зал	ППҚ мамандары
9	Апталықтың жабылуы. Марапаттау	21.02.25	16.00	1-11	Акт залы	ППҚ мамандары

Психология апталығының ашылу салтанаты жоғары деңгейде өткізілді. Ашылу салтанатында таңертен сабаққа келген оқушылар, ұстаздардың көңілдерін көтері мақсатында, психологтар тәрпынан жағымды смайликтер мен тәтті кәмпиттер таратылды. Жағымды әуендер қосылып, кейіпкерлер болып оқушылар мен ұстаздардың көңіл-күйлері жоғары болды. Арнайы оқушылар мен ұстаздарға, құм терапиясы, би терапияларлары жүргізілді.





Сонымен қатар апталық аясында мектебіміздің ұстаздарының көңіл-күйін көтеру мақсатында сергіту сәті ұйымдастырылып, жылы лебіздер жазылған карточкалар мен тәттілер таратылды.



Жоспарға сәйкес «**Психология-ғажайып ғылым**» тақырыбындағы психология апталығының аясында 2025 жылдың 18 ақпан күні мектеп-лицейімізде Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен «**Жүйрік бол, балақай!**» атты спорттық сайыс өткізілді

Мақсаты: Оқушылардың спорттық ойындарға деген қызығушылығын, қимыл қозғалыс біліктілігін арттыру, салауаттылыққа дағдылау, өскелең жеткіншектің қабілетінің дамуына ықпал ету, жылдамдық, ептілік, рефлексін дамыту. Өмірге белсенді ұрпақ тәрбиелеу. Оқушылар бойында жеке тұлға және қоғамдық тәртіп нормаларын қалыптастыру.

Спорттық шараға қатысқан оқушылар 3 топқа бөлініп, 5 кезең бойынша сайысқа түсіп, өзара бақ сынасты.

I кезең: «Кім жылдам?»

II кезең: «Таяқшамен жүгіру»

III кезең: «Дөңгеле» (теннис добын дөңгелетіп алып жүру)

IV кезең: «Жылдам бол» (доппен жүгіру)

V кезең: «Пойыз» (қол ұстасып жетектеп жүгіреді)

«Жүйрік бол» спорттық сайысының қорытындысы бойынша:

1-орын – Қыран тобы

2-орын – Тұлпар тобы

3-орын – Бірлік тобы

Үш топта дипломдармен, сыйлықтармен марапатталды.





«Психология - ғажайып ғылым» атты онкүндік аясында оқушылар арасында сурет көрмесі өткізілді.

Мақсаты:

👉 оқушыларға бейнелеу өнерінің қыр-сырын жан-жақты үйрету;

👉 олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын кеңейту;

👉 сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шығармашылығын арттыру;

👉 өнерді құрмет тұту, оған сүйіспеншілігін арттыру;

👉 өнерге баулу, шығармашылыққа тәрбиелеу, ұйымшылдыққа, жақсы қарым-қатынасқа баулу.

↪ 1-4 сыныптар арасында «Біз бақытты баламыз»;

тақырыбы бойынша әр түрлі жанрда суреттер салынып, мектеп фойесіне ілінді.

♻️ Сыныптар арасында оқушылар белсенділік танытып, өз жұмыстарымен таныстырып өтті.

🏆 Сурет көрмесінің қорытындысы апталықтың жабылу салтанатында буындар бойынша сыныптар марапатталатын болады.





2025 жылдың 19 ақпан күні мектеп-лицейімізде «Психология-ғажайып ғылым» атты апталық аясында 11 сыныптарға арналған «ҰБТ алдындағы мазасыздықты жеңу» атты тренинг өткізілді.

Мақсаты: ҰБТ алдындағы мазасыздықтың себептерін түсіндіру және оқушылардың эмоциялық жағдайларын анықтау және тестілеу кезінде психологиялық тұрақтылықты сақтау және өзіне деген сенімділікті арттыру.

Тренинг барысында оқушыларға

«Менің есімім»

«Ой шақыру»

«Кім жылдам»

«Тілек сандықшасы» жаттығулары жүргізілді.

Тренинг соңында оқушыларға мотивациялық видео көрсетіліп, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында тәттілер таратылды. Оқушылар өз әсерлерімен бөлісіп алғыстарын білдірді.





Мектеп-лицейіміздің педагог-ассистенті Тажибаева Ләззаттың ұйымдастыруымен 20 ақпан күні «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында ЕББҚ балалардың ата-аналарымен тренинг өткізілді.

Тренингтің мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы-отбасы. Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу, ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру. Ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге шақыру.

Тренингте:

- «Ұйымдастырушылық сәт»
 - «Топта жұмыс істеу ережелері»
 - «Танысу» жаттығуы
 - «Күн шуағы» жаттығуы
 - «Адам бейнесі»
 - «Кім...» жаттығуы.
 - «Тірі үй» жаттығуы
 - «Қалайсың?» жаттығуы.
 - «Баланың жаны» жаттығуы
- Қорытынды

«Елін сүйер сеніңіз,

Өз отбасын сүйе алған» деп Қасым Аманжолов айтқандай, отбасы- адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану.



2025 жылдың ақпан айының 21-ші жұлдызында мектеп-лицейімізде «Психология -ғажайып ғылым» атты апталық аясында «Эмоция әлемі» тақырыбында ұстаздарға тренинг жұмысы жүргізілді.

Мақсаты:

Ұстаздарға жақсы көңіл-күй сыйлау және ұжымда психологиялық ахуал қалыптастырудың алдын алу,кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтеру.

Жоспары:

- «Танысу жаттығуы»
- «Мұғалім болу фразасын жалғастыру»
- «Есте сақтап,билеп ал» жаттығуы
- «Таяқша» жаттығуы
- «Кім жылдам» жаттығуы
- «Шарик» ойыны
- «Кофе брейк» сыр шерту

«Психологиялық» кеңес

«Ұстаздарға түрлі номинация мен сыйлықтар берілді, фотозонаға естелік суретке түсті»

«Қорытынды»

«Ұстаздардың басты жұмысы баламен жақсы қарым қатынас жасау. Үнемі тың идеялармен ойдың ұшқыр болуын қалыптастыру. Мұғалім баламен бала болып та көру керек, тәрбиемен қатар ойнау керек, күлу керек, бірге эмоция шығара білу керек. Өзіңіздің мұғалімдігіңізді балалық шағыңыздың жалғасы сияқты қабылдаңыз.



Наурыз айында атқарылған жұмыстар

Жоспарға сәйке қазан айында жасөспірімдердің психикалық саулығын бағалау мақсатында **Ковач сауалнамасы** 5-11 сынып оқушыларынан алынды.

Сауалнама М.Ковач

Нұсқаулық: төмендегі

мәлімдемелердің әрбір тобын мұқият оқып шығыңыз және соңғы уақытта (соңғы екі апта) өзіңізді қандай сезімде болғаныңызға қарай әр сұрақтан 1 ден 3 ке дейінгі жауаптың сәйкесін белгілеңіз. Сұрақтар туралы ұзақ ойланбаңыз, өйткені дұрыс немесе бұрыс жауаптар жоқ.

Оқушының Т.А.Ә.
Сынып

7. 1) Мен кейде ғана көңілсіз боламын
2) Мен жиі көңілсіз боламын
3) Мен әрқашан көңілсізбін
8. 1) Мен ешқашан жетістікке жете алмаймын
2) Мен бірдеңе алатыныма онша сенбеймін
3) Мен бәрін де жақсы істеймін
9. 1) Мен іс жүзінде бәрін жақсы жасаймын
2) Мен көп нәрсені кәте істеймін
3) Мен бәрін дұрыс істемеймін
10. 1) Маған көп нәрсе ұнайды
2) Бір нәрсе маған қуаныш сыйлайды
3) Маған ештеңе ұнамайды
11. 1) Мен әрқашан жаманмын
2) Мен жиі жаман боламын
3) Мен сирек жаман боламын
12. 1) Маған жаман нәрсе болуы мүмкін деп сирек ойлаймын
2) Маған жаман нәрсе болуы мүмкін деп алаңдаймын
3) Маған қорқынышты нәрсе болатынына сенімдімін
7. 1) Мен өзімді жек көремін
2) Мен өзімді жақсы көрмеймін
3) Мен өзіме ұнаймын
8. 1) Барлық жаман нәрселер менің қателіктерімнің нәтижесінде болады
2) Көптеген жаман нәрселер менің қателіктерімнің нәтижесінде пайда болады
3) Жаман нәрсе, әдетте, менің кінәмнен емес
9. 1) Маған өмірімнің қалай дамитыны ұнайды
2) Маған өте қиын болуы мүмкін, бірақ мен оны жеңе аламын
3) Менің өмірім маған ұнамайды
10. 1) Мен күн сайын жылаймын
2) Мен жиі жылаймын
3) Мен сирек жылаймын
11. 1) Мен үнемі мазасыздықты сезінемін
2) Мен жиі мазасызданамын
3) Мен сирек мазасыздықты сезінемін
12. 1) Маған адамдармен бірге болған ұнайды
2) Маған адамдармен бірге болу ұнамайды
3) Мен адамдармен бірге болғым келмейді
13. 1) Мен көп нәрсені шеше алмаймын
2) Маған көп нәрсені шешу қиын
3) Мен оңай шешім қабылдаймын
14. 1) Мен жақсы көрінемін
2) Менің келбетімдегі бір нәрсе маған сәйкес келмейді
3) Мен ұсқынсыз көрінемін
15. 1) Мен үнемі өзімді мектеп тапсырмаларын орындауға мәжбүрлеуім керек
2) Мен көбінесе мектеп тапсырмаларын орындауға мәжбүр боламын
3) Мектеп тапсырмаларын орындау мен үшін үлкен мәселе емес
16. 1) Мен әр түні жаман ұйықтаймын
2) Мен жиі нашар ұйықтаймын
3) Мен өте жақсы ұйықтаймын
17. 1) Мен сирек шаршаймын
2) Мен жиі шаршаймын
- 3) Мен үнемі шаршағанымды сезінемін
18. 1) Көп жағдайда менің тамақ жегім келмейді
2) Мен жиі тамақтанғым келмейді
3) Мен өте жақсы тамақтанамын
19. 1) Мені ауырсыну мазаламайды
2) Мені ауырсыну жиі мазалайды
3) Мені үнемі ауырсыну мазалайды
20. 1) Мен өзімді жалғыз сезінбеймін
2) Мен өзімді жиі жалғыз сезінемін
3) Мен өзімді барлық кезде жалғыз сезінемін
21. 1) Мектеп маған ешқашан рахат әкелмейді
2) Кейде мектеп маған рахат сыйлайды
3) Мектеп мені жиі қуантады
22. 1) Менің достарым көп
2) Менің достарым бар, бірақ мен олардың көбірек болғанын қалаймын
3) Менің достарым жоқ
23. 1) Менің оқуым өте жақсы
2) Мен бұрынғыдай жақсы оқымаймын
3) Қазір менде бұрын жақсы болған пәндер бойынша нашар бағалар бар
24. 1) Мен ешқашан басқа балалар сияқты жақсы болмаймын
2) Егер қаласам мен басқалар сияқты жақсы бола аламын
3) Мен басқа балалар сияқты жақсымын
25. 1) Мені ешкім шынымен жақсы көрмейді
2) Мені біреу жақсы көретініне сенімді емеспін
3) Мені жақсы көретініне сенімдімін
26. 1) Мен әдетте маған айтылғанды істеймін
2) Әдетте, мен маған айтылғанды істемеймін
3) Мен ешқашан сұраған нәрсені жасамаймын
27. 1) Мен адамдармен өзімді жалғыз сезінемін
2) Мен жиі қуанамын
3) Мен үнемі қуанамын

Тест НСВ-10

Допишите окончание предложений

Никто _____
Все против _____
Нет _____
Я _____
Мне не _____
Никогда _____
Никогда _____
Все _____
Это _____
Повторите ещё раз. Допишите окончания предложений, повторяя ответы на
Многие меня _____
Все за _____
Есть силы _____
Я многом _____

Мне _____
Часто _____
Всегда _____
Всё _____
Это _____
Дополните окончания предложений на своё усмотрение
Мне надоело _____
Когда мне плохо, я _____
Я не хочу _____
Моя жизнь – это _____
Настроение у меня _____
Мое терпение _____
меня _____

Кешенді тест жұмысына барлығы 5-11 сыныптар қатысты. Барлық бала саны -1041 оқушы, тестке қатысқандар 850 оқушы, ата-ана тарапынан қарсы -80 оқушы, үйден оқытылатын – 6 оқушы, даун синдромы бар, инклюзивті оқушы-2.

Тест қорытындысы бойынша 46 оқушы сұхбаттасуға шақырылды. 2 оқушы психологтардың мектепшілік бақылауына, 1-оқушы психологиялық қолдау тобына алынды.

Сәуір айында атқарылған жұмыстар



Жоспар бойынша,сәуір айында «Бала құқығы,зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында ата-аналарға мектеп аяжаны,мектеп инспекторы,емхана психологы мамандрымен бірлескен жиын болып өтті.Мақсаты:Адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру,құқықтық білімдерін толықтыру.Адамгершілік ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына,адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру.Кездесуге Қызылорда қалалық прокуратурасының бөлім прокуроры Данияр Абылбекұлы және қалалық емхана медбикелері қатысты.Жеке тұлғаны жан-жақты дамытатын тәрбие саласының бірі-құқықтық тәрбие.Егеменді ҚР Ата Заңына сәйкес азаматтарының құқығы мен талап тілегін,мұқтаждарын қорғап,оларды қамқорлығына алады.Әрбір азамат өз елінің Заңына жауапкершілікпен қарап,оны орындауы өз міндеті деп есептеуі керек екені түсіндірілді.

Жоспарға сәйкес,сәуір айында 10 сыныптарға «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» тақырыбында тренинг болып өтті.Мақсаты:Адам бойындағы ішкі сезімдерді шығара білу,кез-келген қиын жағдайдан шыға білу,қарым-қатынасын нығайту. Тренингтің басы «Сәлемдесу» жаттығуымен басталды.Өздерін жақсы ілтипатпен таныстырып,жақсы көңіл-күйде басталды. Кейін тренинг «Ормандағы ағаш» жаттығуымен жалғасты.Оқушылар белсене ат салысып.көңілді отырды.Педагог-психолог дайындаған тақырыпқа сәйкес бейнероликтер көрсетіліп,соңы сұрақ-жауапқа ұласты.Оқушылар күнделікті тұрмыс-тіршіліктен сәл алыстап,бой сергітіп қалды. Көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алып,оқушылар керемет көңіл күйде тарады.



7 сыныптың оқушыларымен «Біз бәріміз біргеміз!»

буллинг,кибербуллингтің алдын-алу мақсатында тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың арасында толеранттылық жоғарлату.Өмірде адамнан асқан құндылықтар жоқ екендігіне оқушыларға түсіндіре отырып,дұрыс қарым-қатынас жасай алу мәдениетін қалыптастыру. Тренинг «Сәлдемдесу» жаттығуымен басталды.Әрі қарай оқушыларға «Буллинг» , «Кибербуллинг» туралы сұрақ-жауаптар беріліп,кең ауқымды түсіндірілді. Тренингтің басынан бастап оқушылар жоғары белсенділік,қызығушылықпен қатысты. «Мен досыма көмектесемін» , «Кім жылдам» т.б психологиялық жаттығулар ойын түрінде өтті.Қортындысында,оқушылардың тақырыпты түсініп,буллинг,кибербуллингтің алып келетін қауіп-қатерлерін түсінгендерін айтып ойларын жеткізді.Оқушылар алған әсерлерімен жарыса бөлісіп,бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп қимай тарасты.



Ер Балалардың психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу болып өтті. Кездесуге 7,8,9,10 сынып ұл балалары қамтылды. Облыстық жастар денсаулық орталығынан, қалалық емханадан мамандар шақырылды. Аталған тақырыпта оқушыларға мамандар дәріс баяндап, темекінің, алкогольдің, жыныстық тәрбие тақырыбында сөз қозғап, бейнероликтер көрсетіп, кеңестерін берді. Оқушылар тақырыпқа қатысты ойларында жүрген сұрақтарын қойып, белсене ат салысып, белсенділік танытты.



Қыз бала тәрбиесі – ұлт тәрбиесінің өзегі!

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 8–11 сынып қыздарына арналған маңызды отырыс өтті

Бұл іс-шара жасөспірім қыздардың жан-жақты дамуына, өзін-өзі бағалауына, өз құқықтарын білуіне және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталды. Отырысты директордың тәрбие орынбасары Тастаева Толқын ашып, ашық алаңға қыздарды шақырды.

Ашық диалог форматында өткен кездесуге:

Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ОТЗЗҚкб-нің инспекторы, полиция капитаны Асанбаева Айгүл,

Қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастырушысы Тайман Төлеби,
Кеңесші Сеилханова Аружан,

Мектеп психологы Топжарғанова Ақниет,

Мейірбике Фазылова Нұргүл қатысып, қыздармен өмірлік маңызды тақырыптарда ашық әрі сенімді әңгіме жүргізді.

Кездесудің негізгі мақсаты мен міндеттері:

Ерте жүктіліктің алдын алу

Жыныстық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру

Қыз балалардың ар-намысы мен абыройын сақтау

Зорлық-зомбылықтың алдын алу, қауіпсіздік шараларын түсіндіру

Қиын жағдай туындағанда кімге, қайда жүгінуге болатынын түсіндіру

Қыз балалар өздерін мазалаған сұрақтарын ашық қойып, мамандардан нақты әрі пайдалы жауаптар алды.

Мұндай кездесулер – өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігі.



Мамыр айында айтылған жұмыстар

Мектебімізде, 15 мамыр – Халықаралық Отбасы күніне және алғаш рет аталып өтіп жатырған «Аналар күніне» орай «Отбасы бақыт мекенім» атты мерекелік шара болып өтті. Шараға қоғамдағы өнегелі отбасылар мен ардагер аналар қатысып отбасын сақтау тәжірибелері туралы әңгімелеп берді. Шараға қатысушылар тақырып аясында ақындардың өлеңдерін оқып, Аналарға арналған әндер шырқады. Шараға 5 -11 сынып оқушылары қатысты. «Отбасы бақыт мекені» тақырыбында «Бағым да, байлығым да отбасым» атты бейнеролик дайындады. Бейнеролик арқылы оқушылар отбасының адам өміріндегі ең басты құндылық екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді.

Отбасы - сыйластық пен жарастық орнаған кішкентай Отан. Отбасының тірегі - сүйіспеншілік, бірлік және сенім. Отбасы қиналғанда қайғыңмен, қуанғанда қуанышыңа ортақ болатын аяулы жандар. Сондықтан да отбасы - барша адамзатқа ең жақын, ең қасиетті ұғым.

Қазақ халқы отбасындағы тәрбиені ең бірінші орынға қойған. Ата – ана балаларына қандай тәрбие берсе, ертең ол бала өскенде сол тәрбие арқылы өмірдің жаңа баспалдақтарынан өтеді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп қазақ халқы бекер айтпаған. Бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Ұлын ұлтжанды, қызын инабатты, сыпайы етіп өсіру ол әр ата – ананың міндеті болып табылады. Қорыта келе, Отбасы — жұртты жақындастырушы, ұрпақ пен ұрпақты табыстырушы, ұрпақаралық тұтастықтың отын жағушы ерекше ұя.

Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері.

5-10 сынып ата-аналарымен жаз мезгілінде бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау үшін қауіпсіздік ережелері айтылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Өмірден қымбат еш нәрсе жоқ, өйткені өмірде бәрі бар. Қазіргі заманда өмір ең қымбат байлық болып келеді. Адамның ең негізгі мақсаты ол — өмірді сақтап қалу. Көп жағдайларда өз өмірін сақтап қалу және өз жақындарының өмірін сақтап қалу үшін қарапайым ережелерді білуіне байланысты болады. Қай жерде сіз болсаңыз, жалғыз, достарымен, отбасымен, жолда жұмысқа бара жатқанда, демалыста немесе үйде, әрқашанда есіңізде сақтаныз, өмірде көптеген жағдайлар болады. Олар әдеттегідей әр-түрлі жағдайларға әкеліп соқтырады. Бұндай жағдайға ұшыраған кездерде сабырлық сақтау керек. Осы Қауіпсіз жаз бөлімінен өмірге ең керекті қауіпсіздік ережелерімен таныса отырып, дер кезінде өз өмірімізді сақтап қалуға тырысайық. Сол себептен бұны білу және оны дұрыс қолдану әркімнің міндеті екені айтылды. Жаз – балалар үшін сауық-сайран мен жайбарақаттық кезең. Ал ата-аналар өте мұқият болуы керек, себебі демалыс орындарында түрлі қауіптер болуы мүмкін. Сондықтан әр ата-ана жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныс болған жөн. Оны балаларыңызға айтып қойған артық етпейді.

Жазғы демалыстағы жалпы қауіпсіздік ережелері

Қауіп тек демалыс орындарында емес, балалар алаңында, жолда немесе қоғамдық орындарда да болады. Сондықтан кей ұсыныстарды ескерген дұрыс:

- Балаға күн тиіп қалмас үшін жаздың ыстық күндері міндетті түрде бас киім кигізу керек;
- Баланың тамақ ішер алдында қол жууды әдетке айналдыруын қадағалаңыз;
- Жаз мезгілінде тамақтан уланып қалу қауіпін артатындықтан, жемістер мен көкөністердің балғын болуын қадағалап, жақсылап жуыңыз;
- Баланы бағдаршамнан өтуге үйретіп, автомобиль тигізуі мүмкін қауіп туралы түсіндіріп айтыңыз;
- Балаға ойнау алаңында өзін қалай ұстау керектігін айтыңыз. Соның ішінде, өткеншекке жанынан келу керектігін түсіндіріңіз;
- Баланы жазғы кездегі өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру керек. Ересек адамсыз от жақпауын өтініп, оның жылдам тарайтындығын айтыңыз.

Жазда судағы қауіпсіздік ережесі

Отбасылардың барлығы ыстық күндері балаларымен бірге суға шомылуға барады. Ересектер де, балалар да рақаттана суға түсіп, күнге күйіп, таза ауамен демалады. Суға шомылуға барарда мына ережелерді ескерген жөн:

- Балаға сіздің қарауыңызсыз тіпті, үрлемелі дөңгелектер мен матраста болса да суға түсуіне рұқсат бермеңіз;
- Кішкентай баланы суға тек жүзгіш жилетпен немесе жеңдікпен жіберіңіз;
- Балаларға суда тығылатын немесе бір-бірін батыратын ойын ойнауына рұқсат бермеңіз. Оның орнына қуыспақты да, тығылыспақты да жағажайда ойнауларын өтініңіз;
- Күн қатты ысып кетсе, баланың терісі күйіп кетпес үшін арнайы күннен қорғайтын құрал жағып қойыңыз.
- Салқын тиіп қалмас үшін баланың суда болған уақытын бақылаңыз;

Жазда табиғаттағы қауіпсіздік ережесі

Егер отбасыңызбен табиғатқа (орман, саябақ) шықсаңыз, мына ережелерді есте сақтаңыз:

- Мұндай жерлерде әдетте, кене көп болып келеді. Сондықтан балаға жабық шалбар мен жабық аяқ киім кигізген жөн. Шалбар балағын шұлыққа салып қойыңыз;
- Балаға ормандағы таныс емес саңырауқұлақтар мен жидектерді жеуге болмайтындығын түсіндіріңіз. Олар улы болуы мүмкін;
- Сона, ара секілді жәндіктердің шағуын болдырмас үшін олар бар кезде қозғалмай тұру керектігін айтыңыз;
- Мүмкіндік болса, баланы қараусыз қалдырмаған жөн

**Ерекше білім беруді қажет ететін және үйден оқытылатын оқушылармен
«Әлем балалармен әдемі!» атты мерекелік іс-шара болып өтті.**

Бала әрбір үйдің, отбасының бақыты. Бала бақытты болса, Ана бақытты. 2025 жылдың 22 мамыр күні И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде оқу жылының аяқталуына орай ерекше білімді қажет ететін және үйден оқитын балаларға арналған «Әлем балалармен әдемі!» атты іс-шара болып өтті.

Мақсаты:

Білімділік: балалардың білімдік дағдысын қалыптастыра отырып, адамгершілік бағытын жетілдіру арқылы сөйлеу тілін дамыту, адамгершілік қасиеттерін шыңдау. Әр ортада өздерінің жан- жақтылығын жетілдіру, таныту, толеранттылыққа баулу. Балалардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т.б адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бірін-бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.

Іс-шараға мектеп-лицей әкімшілігі, оқушылар мен ата-аналар қатысты. Шара барысында мектеп-лицей директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары Б.Аблаев ата-аналарға бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі үшін алғыс айтып, оқушыларды оқу жылының аяқталуымен құттықтап, алғыс хаттармен марапаттады.



